

## №5 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 29.05.2026ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жок

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі
2. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту
3. Техника қауіпсіздігі  
Меңгеруші Мырсейтова Э.С.

**I. ТЫҢДАЛДЫ:** Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Жүрсін Н.Б. балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі бойынша жылдық қорытынды есеп берді. Есепте барлық білім беру салалары бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері ұсынылды. Бастапқы, аралық және қорытынды диагностика көрсеткіштері салыстырылып, балалардың даму деңгейіндегі оң динамика атап өтілді. Тіл дамыту, танымдық әрекет, шығармашылық және әлеуметтік дағдылар бойынша көпшілік балалар бағдарламалық талаптарды меңгергені айтылды. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілгені, оның нәтижесі бар екені көрсетілді. Есеп соңында келесі оқу жылына арналған әдістемелік ұсыныстар берілді.

**II. ТЫҢДАЛДЫ:** Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту

**СӨЙЛЕДІ:** Меңгеруші Мырсейтова Э.С. жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін арттыру, таза ауадағы әрекеттерді көбейту негізгі бағыт екені айтылды.

Жоспарға сәйкес:

- таза ауадағы ойындар мен спорттық эстафеталар
- су және құммен ойындар
- табиғатты бақылау серуендері
- сауықтыру жаттығулары
- күн, ауа, су процедуралары
- жазғы мерекелік және танымдық шаралар енгізілгені хабарланды.

Сөз алған тәрбиеші Бекаристанова А.М. жазғы кезеңде көлеңкелі ойын аймақтарын көбейту және су ішу режимін қатаң бақылауды ұсынды.

**III. ТЫҢДАЛДЫ:** Техника қауіпсіздігі

**СӨЙЛЕДІ:** Меңгеруші Мырсейтова Э.С. техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізді. Балабақша аумағында, ойын алаңында, топ бөлмелерінде және серуен кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері түсіндірілді. Өрт қауіпсіздігі, электр құралдарын пайдалану, жазғы маусымдағы ыстықтан сақтану, су маңындағы қауіпсіздік, алғашқы көмек

көрсету тәртібі бойынша ережелер еске салынды. Қызметкерлерге қауіпсіздік журналдарына қол қою тапсырылды.

Педагогтер балалардың білім нәтижелерін бекіту жұмыстарын жалғастыру, жазғы сауықтыру шараларын мазмұнды өткізу және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау жөнінде ортақ пікір білдірді. Жазғы кезеңде бақылауды күшейту ұсынылды.

### ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі бойынша есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.
3. Жазғы кезеңдегі барлық іс-шаралар қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізілсін.
4. Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық талаптарын орындау барлық қызметкерлерге міндеттелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Мырсейтова Э.С .

Хатшы:

Жүрсін Н.Б.